

«Нұрбанк» АҚ Money Experts еншілес ұйымы» АҚ

Қаржылық есептілік

2024 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жыл үшін

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

МАЗМҰНЫ

БАСШЫЛЫҚТЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ
ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ ӨТІНІШІ 3

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ 4-7

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Пайда немесе залалдар және басқа жиынтық табыс туралы есеп 8

Қаржылық жағдай туралы есеп..... 9

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп..... 10

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп..... 11

Қаржылық есептілікке ескертулер..... 12-38

БАСШЫЛЫҚТЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ ӨТІНІШІ

«Нұрбанк» АҚ Money Experts еншілес ұйымы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қызмет нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын нақты көрсететін қаржылық есептілікті дайындау және көрсетілген күнмен аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер, сонымен қатар Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңеспен (бұдан әрі – «ХҚЕСК») шығарылған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (бұдан әрі – «ХҚЕС») бухгалтерлік есебінің стандарттарына сәйкес есепке алу саясатының негізгі қағидаттарын және қаржылық есептілікке (бұдан әрі – «қаржылық есептілік») басқа ескертулерді ашу үшін жауапты болады.

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық төмендегілер үшін жауапкершілік көтереді:

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдау және оларды реттілікпен қолдану;
- ақпаратты, соның ішінде осындай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырымдылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысандағы есепке алу саясаты туралы деректерді ұсыну,
- негізделген мақсатқа сәйкес бағалар мен ұйғарымдарды қолдану;
- ХҚЕС талаптарын орындау қаржылық есептілік пайдаланушылары үшін қандай да болмасын мәмілелер, сонымен қатар басқа оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның қаржылық жағдайына және қызметінің қаржылық нәтижелеріне ықпал ететін әсерлерді түсіну үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және
- Компанияның жақын болашақтағы үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау.
-

Басшылық бұнымен қатар келесілерге жауапты болады:

- тиімді әрі сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- кез келген уақытта жеткілікті анықтық дәрежесімен Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты дайындауға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу;
- Компания активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өзінің құзыреті шегінде шара қолдану;
- Жосықсыз іс-әрекеттер мен басқа да теріс пайдалану фактілерін анықтау және жою.

2024 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған қаржылық есептілікті Компания басшылығы 2025 жылғы 26 наурызға шығару үшін бекітті.

Басқарма Төрағасы

Ляззат Шайхиева

Бас бухгалтер

Берик Оразбаев

2025 жылғы 26 наурыз

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Нұрбанк» АҚ Money Experts еншілес ұйымы» АҚ Акционері мен директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «Нұрбанк» АҚ Money Experts еншілес ұйымы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, пайда немесе залалдар және басқа жиынтық табыс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және көрсетілген күнмен аяқталатын жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сонымен қатар есепке алу саясаты туралы елеулі ақпаратты қоса алғанда қаржылық есептілікке ескертулерден тұратын қаржылық есебіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңеспен (бұдан әрі – «ХҚЕСК») шығарылған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (бұдан әрі – «ХҚЕС») бухгалтерлік есебінің стандарттарына сәйкес Компанияның 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнмен аяқталатын жылдағы оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын барлық елеулі қатынастарда анық көрсетеді.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – «ХАС») сәйкес жүргіздік. Көрсетілген стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз әрі қарай біздің қорытындыдағы «Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде ашылады. Жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігінің аудитіне қолданылатын Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп кодексіне (бұдан әрі - «БХЭСК» кодексі) (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және Қазақстан Республикасындағы жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Компанияға қатысты тәуелсізбіз. Біз бұнымен қатар осы талаптарға және БХЭСК кодексіне сәйкес басқа да әдеп міндеттерін орындадық. Біз бізбен алынған аудиторлық растамалар пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және дұрыс болып табылады деп ойлаймыз.

Аудиттің негізгі сұрақтары

Аудиттің негізгі сұрақтары – бұл өзіміздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес ағымдағы кезең үшін біздің бірлестірілген қаржылық есептілік аудитіміз үшін аса маңызды болып табылатын сұрақтар. Бұл сұрақтар тұтас алғанда біздің бірлестірілген қаржылық есептілік аудитіміз контекстінде және осы есептілік туралы біздің пікірімізді қалыптастырған кезде қарастырылды және біз аталған сұрақтар бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Неге біз сұрақты аудит үшін негізгі деп санаймыз?	Аудит аясында не істелінді?
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн (бұдан әрі – «БЖТӘҚ») бойынша бағаланатын қаржылық активтер 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша БЖТӘҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтердің құны 1,520,998 мың теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсанда 1,528,154 мың теңге). БЖТӘҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтерге қатысты өтеу мерзімі, қалдық құны, дефолт ықтималдығын (PD) және дефолт кезіндегі жоғалтулар (LGD) деңгейін бағалау үшін нақты емес және толық емес бастапқы ұйғарымдар, сонымен қатар әділ құнның қисынсыз есептемесі сияқты активтер бойынша қисынсыз деректерді қоса алғанда пайдаланылатын бастапқы ақпаратта қателердің болу қаупі бар. Қаржылық есептілікке 11-ескертуде жалпы теңгерімдік құнды, ККЗ бойынша активтер мен сәйкес резервтерді ашу ұсынылған. Компания басшылығы, сонымен қатар әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінің көлемі пайдаланатын пайымдардың маңыздылығы мен субъективтілігі және елеулі пайымдауды талап ететін бағалардың белгісіздігінің жоғары дәрежесі салдарынан біз бұл сұрақты аудиттегі басты сұрақ деп белгіледік.	Біз БЖТӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтеріне қатысты үдерістер мен бақылау рәсімдері туралы түсінік алдық. Біз БЖТӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтеріне арналған резервтерді есепке алу әдіснамасының негізділігін және оның ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкестігін бағаладық. Біз PD және LGD бағалау модельдерінде пайдаланылатын бастапқы деректер мен негізгі ұйғарымдар тартқан кредиттік залалдар туралы тарихи деректерді ескеретінін тексердік. Біз ХҚЕС талаптарына сәйкес қаржылық есептіліктегі қаржылық активтер бойынша ақпараттың ашылу барабарлығы мен толықтығын бағаладық.

2025 жылғы 26 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық аталған қаржылық есептілікті ХҚЕСК шығарылған ХҚЕС бухгалтерлік есепке алу стандарттарына сәйкес дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекет немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулары жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындаған кезде басшылық Компанияны жабуды, оның қызметін тоқтатуды көздеген жағдайды немесе оның жабу мен қызметті тоқтатудан басқа қандай болса да іс жүзіндегі баламасы болмаған жағдайды қоспағанда, басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашу үшін және қызметтің үздіксіздігі туралы ұйғарым негізінде есептілікті құру үшін жауапкершілікті көтереді.

Корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігінің дайындалуын қадағалау үшін жауапты болады.

Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептіліктің құрамында жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне қисынды сенімділікке ие болу және біздің пікіріміз қамтылған аудиторлық қорытындыны шығару болып табылады. Қисынды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ХАС сәйкес өткізілген аудит елеулі бұрмалаулар болған жағдайда оларды әрдайым анықтайды деуге кепілдік болып саналмайды. Егер жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер жекеше немесе жиынтықта осы қаржылық есептілік негізінде пайдаланушылар қабылдайтын экономикалық шешімдеріне әсер ете алады деп болжауға келсе, бұрмалаулар олардың нәтижесі болуы мүмкін.

ХАС сәйкес өткізілетін аудит аясында біз кәсіби талқылауды қабылдаймыз және бүкіл аудит бойы кәсіптік скептицизмді сақтаймыз. Бұдан басқа, біз:

- Жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге қарсы аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болуға жеткілікті және дұрыс болып табылатын аудиторлық растамаларды аламыз. Жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер нәтижесінде елеулі бұрмалауларды анықтамау қаупі қате нәтижесінде елеулі бұрмалауды анықтамау қаупінен жоғары, себебі жосықсыз іс-әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты бұрмалап беру немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттер кіреді.
- Мән-жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Компанияның ішкі бақылау қызметінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау қызметі туралы түсінікті аламыз.
- Басшылықтың қызмет үздіксіздігіне жол беруді қолдану заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – нәтижесінде Компанияда өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне едәуір күдіктер туындауы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар болуы туралы қорытындыға келсек, онда біз өзіміздің аудиторлық қорытындымыздағы қаржылық есепте ақпараттың тиісінше ашылуына назар аудартуымыз керек және егер ақпараттың осындай ашылуы тиісті түрде болмаса, өз пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындылар біздің аудиторлық қорытындымыздың күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компания өз қызметін үздіксіз жүргізуді жалғастыру қабілетін жоғалтуға әкеп соқтыруы мүмкін.
- Ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілік оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың анық берілуін қамтамасыз ететіндей ұсынуын қосқанда, тұтас алғанда қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалауды жүргіземіз.

Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі (жалғасы)

Біз корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғалармен олардың назарына, басқасын қоспағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сонымен қатар аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, соның ішінде біз «Нұрбанк» АҚ Money Experts еншілес ұйымы» АҚ аудиті барысында анықтайтын ішкі бақылау қызметінің елеулі кемшіліктері туралы мәліметтерді жеткізіп, ақпараттық өзара әрекеттестікті жүзеге асырамыз.

Арман Чингильбаев Аудит жөніндегі серіктес Қазақстан Республикасының Білікті аудиторы 2003 жылғы 20 желтоқсандағы №МФ-00000553 біліктілік куәлігі	Ержан Досымбеков «Grant Thornton» ЖШС Бас директоры Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетімен берілген Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған 2018 жылғы 3 тамыздағы №18015053 мемлекеттік лицензия
--	--

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛДАР ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескерту	2024 жыл	2023 жыл
Комиссиялық табыс	5	23,194	24,006
Комиссиялық шығындар	5	(19,644)	(19,860)
Таза комиссиялық табыс		3,550	4,146
Пайыздық табыс	6	191,094	224,433
Пайыздық шығындар		(583)	(1,477)
Таза пайыздық табыс		190,511	222,956
Персоналға кеткен шығындар	7	(128,408)	(127,406)
Әкімшілік шығындар	8	(53,256)	(48,070)
Пайда және залал арқылы әділ құны (ПЗӘҚ) бойынша бағаланатын қаржы аспаптары бойынша таза пайда		6,172	14,386
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны (БЖТӘҚ) бойынша бағаланатын қаржы активтерін мойындауды тоқтату нәтижесіндегі таза залал		(6,208)	(13,597)
Шетел валютасымен операциялардан болған таза табыс/ (залал)		316	(71)
Дивидендтік табыс		-	2
Өзге (шығындар)/ табыс		(2,550)	815
Корпоративтік табыс салығына дейінгі пайда		(10,127)	53,161
Корпоративтік табыс салығы бойынша (шығын)/ үнем	9	(7)	314
Бір жылдағы пайда		10,120	53,475
Өзге жиынтық табыс, табыс салығынан кейін			
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервінің өзгеру шамасы (салық әсері – нөл)		406	(821)
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын қарыз аспаптарының шығарылуы нәтижесінде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген сома		6,208	13,597
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын қаржы аспаптарының әділ құнының таза өзгеру шамасы		(474)	(8,909)
Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелетін баптардың жиыны		6,140	3,867
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлес аспаптарының әділ құнының таза өзгеру шамасы		-	14
Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелмейтін баптардың жиыны		-	14
Бір жылдағы басқа жиынтық табыстың жиыны		6,140	3,881
Салықтарды шегерумен бір жылдағы жиынтық табыстың жиыны		16,260	57,356

8-беттен бастап 38-бетке дейінгі қоса беріліп отырған ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы

Ляззат Шайхиева

Бас бухгалтер

Берик Оразбаев

2025 жылғы 26 наурыз

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескерту	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және оның баламалары	10	29,357	8,059
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	11	1,520,998	1,528,154
Алуға арналған комиссиялық сыйақы		3,131	2,987
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер		3,231	4,080
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		21,386	5,367
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша актив	9	1,091	1,098
Өзге активтер		10,929	11,104
Активтердің жиыны		1,590,123	1,560,849
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Басқа міндеттемелер		9,898	12,680
Жалға алу бойынша міндеттеме		21,387	5,591
Міндеттемелер жиыны		31,285	18,271
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	12	715,000	715,000
Басқа резервтер	12	(13,908)	(20,048)
Бөлінбеген пайда		857,746	847,626
Капиталдың жиыны		1,558,838	1,542,578
Міндеттемелер мен капитал жиыны		1,590,123	1,560,849

8-беттен бастап 38-бетке дейінгі қоса беріліп отырған ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы

Ляззат Шайхиева

Бас бухгалтер

Берик Оразбаев

2025 жылғы 26 наурыз

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескерту	2024 жыл	2023 жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Алынған комиссиялық табыс		22,171	23,653
Төленген комиссиялық шығын		(31,386)	(22,331)
Алынған пайыздық табыс		21,432	26,690
Персоналға арналған төленген шығындар		(103,999)	(108,467)
Бағалы қағаздарды сатудан түскен түсімдер		6,208	11,396
Төленген өзге әкімшілік шығындар		(69,045)	(70,780)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағымдары		(154,619)	(139,839)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны (БЖТӘҚ) бойынша бағаланатын қаржы активтерін сату және өтеу	11	8,012,792	14,117,828
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтерін сатып алу	11	(7,835,948)	(13,988,920)
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алу		(927)	(575)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағымдары		175,917	128,333
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза азаюы		21,298	(11,505)
1 қаңтардағы ақша қаражаты және оның баламалары		8,059	19,564
31 желтоқсандағы ақша қаражаты және оның баламалары		29,357	8,059

8-беттен бастап 38-бетке дейінгі қоса беріліп отырған ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы

Ляззат Шайхиева

Бас бухгалтер

Берик Оразбаев

2025 жылғы 26 наурыз

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен	Акционерлік капитал	Басқа резервтер	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
2023 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша қалдық	715,000	(23,929)	794,151	1,485,222
Бір жыл үшін пайда	-	-	53,475	53,475
Басқа жиынтық табыс				
Кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуге жататын басқа жиынтық табыс				
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борышқорлық құралдардың әділ құнының таза өзгеру шамасы	-	(8,909)	-	(8,909)
Пайда немесе залал құрамына көшірілген, шығарылған кезде басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борышқорлық құралдардың әділ құнының таза өзгерісі	-	13,597	-	13,597
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын үлестік құралдардың әділ құнының таза өзгеру шамасы	-	14	-	14
Басқа және жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервінің өзгеру шамасы (11-ескерту)	-	(821)	-	(821)
Басқа жиынтық табыстың жиыны	-	3,881	-	3,881
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қалдық	715,000	(20,048)	847,626	1,542,578
Жиынтық табыстың жиыны	-	-	10,120	10,120
Басқа жиынтық табыс				
Кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуге жататын басқа жиынтық табыс				
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борышқорлық құралдардың әділ құнының таза өзгеру шамасы	-	(474)	-	(474)
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервінің өзгеру шамасы (11-ескерту)	-	6,208	-	6,208
Пайда немесе залал құрамына көшірілген, шығарылған кезде басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борышқорлық құралдардың әділ құнының таза өзгерісі	-	406	-	406
Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелетін баптардың жиыны	-	-	-	-
Кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуге жатпайтын басқа жиынтық табыс	-	-	-	-
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борышқорлық құралдардың әділ құнының таза өзгеру шамасы	-	-	-	-
Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелмейтін баптардың жиыны	-	-	-	-
Басқа жиынтық табыс жиыны	-	6,140	-	6,140
Бір жылдағы жиынтық табыс жиыны	-	6,140	10,120	16,260
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қалдық	715,000	(13,908)	857,746	1,558,838

8-беттен бастап 38-бетке дейінгі қоса беріліп отырған ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы

Ляззат Шайхиева

Бас бухгалтер

Берик Оразбаев

2025 жылғы 26 наурыз

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Нұрбанк» АҚ Money Experts еншілес ұйымы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2002 жылғы 21 наурызда Қазақстан Республикасында құрылды. Компания бағалы қағаздарды шығарумен айналысады және клиенттерге бағалы қағаздарды шығару және андеррайтинг бойынша қызмет көрсетеді, брокерлік қызметтер мен активтерді сенімгерлік басқару бойынша қызметтер көрсетеді.

Компания қызметін келесі лицензиялар негізінде жүзеге асырады:

- Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігімен (бұдан әрі – «Агенттік») атаулы ұстағыш ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға берілген 2007 жылғы 4 маусымдағы №0401201611 лицензия;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (бұдан әрі – «ҚРҰБ») ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметпен айналысуға берілген 2014 жылғы 1 шілдедегі №0403200727 лицензия. Осы лицензияны алғаш рет Агенттік 2007 жылғы 4 шілдеде берген.

Компания Қазақстан Республикасы, А15K0K9 Алматы қ., Желтоқсан к., 173-үй мекенжайы бойынша тіркелген.

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның жалғыз акционері «Нұрбанк» АҚ (бұдан әрі – «Бас ұйым») болып табылады. Соңғы бақылаушы тарап Э.Р.Сарсенов мырза болып табылады.

Қазақстан Республикасында қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Компания өз қызметін Қазақстан аумағында жүзеге асырады. Соның салдарынан Компания Қазақстан нарығындағы дамушы нарықтарға тән сипатты ерекшеліктерді танытатын экономикалық және қаржы тәуекелдеріне ұшырайды. Нормативтік құқықтық база мен салық заңнамасы жетілуін жалғастыруда, бірақ әр түрлі түсіндірмелердің болуына жол береді және құқықтық және фискалды жүйелердің басқа кемшіліктерімен жиынтықта өз қызметін Қазақстанда жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қосымша қиындықтар туғызатын енгізілетін өзгерістерге жиі ұшырайды. Әлемдік нарықтағы мұнай бағасына және Қазақстанның негізгі экономикалық әріптестері болып табылатын іргелес мемлекеттердің валюта бағамына тәуелді ұлттық валюта теңгенің құбылмалығы шаруашылық қызметті жүргізу шарттарының белгілі бір анықталмаушылығын тудырады.

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың қолда бар талаптарының Компанияның қызмет нәтижелері мен қаржылық жағдайына ықтимал әсер етуіне басшылықтың бағасын көрсетеді. Қаржылық-шаруашылық қызметті іске асыру шарттарының кейінгі дамуы басшылықтың бағасынан өзгеше болуы мүмкін.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

ХҚЕС сәйкестік туралы өтініш

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңеспен (бұдан әрі – «ХҚЕСК») шығарылған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Дайындау қағидаты

Қаржылық есептілік әділ құн бойынша есепке алынатын басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда тарихи құны бойынша есепке алу қағидаттарына сәйкес дайындалды (11-ескерту).

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Функциялық валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Компанияның функциялық валютасы қазақстан теңгесі (бұдан әрі – «теңге»), ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Компания жүргізетін көптеген операциялардың және олардың қызметіне әсер ететін олармен байланысқан мән-жайлардың экономикалық мәнін көрсетеді.

Қазақстан теңгесі бұған қоса осы қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылады. Қаржылық есептіліктің барлық деректері бүтін мың теңгеге дейінгі нақтылықпен дөңгелектелген.

Компания қаржылық есептілік туралы есепті өтімділіктің азаюы тәртібімен ұсынады. Қаржылық активтер мен міндеттемелердің өтімділік талдауы 19-ескертуде берілген.

3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ағымдағы жылы қабылданған стандарттар мен интерпретациялар

Жеке қаржылық есептілікті құрған кезде қабылданған есепке алу қағидаттары 2024 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен интерпретацияларды қоспағанда, 2023 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жыл үшін Банктің жеке қаржылық есептілігін құрған кезде қолданылған, Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі Кеңеспен (бұдан әрі – «ХБЕСК») шығарылған ХҚЕС қағидаттарына сәйкес келеді. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттарды, интерпретацияларды немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Компания есептік жыл ішінде 2024 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген келесі жаңа және қайта қарастырылған стандарттарды қабылдады:

- ХБЕС (IAS) 1 түзетулер – «Міндеттемелерді қысқа мерзімділерге немесе ұзақ мерзімділерге жіктеу»;
- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалға алу» түзетулер – «Кері жалға алумен сату операциясындағы жалға алу бойынша міндеттемелер»;
- ХБЕС (IAS) 7 түзетулер – «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» және ХҚЕС (IFRS) 7 – «Жеткізілімдерді қаржыландыру туралы келісім»;
- ХҚЕС S1 – «Тұрақты дамуға байланысты қаржылық ақпаратты ашуға қойылатын жалпы талаптар»;
- ХҚЕС S2 – «Климатқа байланысты ақпаратты ашу».

ХБЕС (IAS) 1 түзетулер – «Міндеттемелерді қысқа мерзімділерге немесе ұзақ мерзімділерге жіктеу»

2020 жылдың қаңтарында және 2022 жылдың қазанында ХБЕСК ХБЕС (IAS) 1 «Міндеттемелерді қысқа мерзімділерге немесе ұзақ мерзімділерге жіктеу» түзетулер шығарды, онда міндеттемелерді қысқа мерзімділерге немесе ұзақ мерзімділерге жіктеуге қатысты талаптар түсіндіріледі.

Түзетулерде төмендегілер түсіндіріледі:

- Міндеттемелерді реттеу мерзімін ұзарту құқығы ретінде не түсініледі;
- Міндеттемелерді реттеу мерзімін ұзарту құқығы есепті кезеңнің соңында болуы тиіс;
- Міндеттемелерді жіктеуге ұйым өзінің міндеттемелерді реттеу мерзімін ұзарту құқығын орындау ықтималдығы әсер етпейді;
- Егер айырбасталатын міндеттемеге кіріктірілген туынды құрал өз бетінше үлестік құрал болып табылса ғана, міндеттеме шарттары оны жіктеуге әсер етпейді.

Аталған түзетулер 2024 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енді немесе осы күннен бастап өткенді шолумен қолданылады.

Аталған түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпеді.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Ағымдағы жылы қабылданған стандарттар мен интерпретациялар (жалғасы)

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалға алу» түзетулер – «Кері жалға алумен сату операциясындағы жалға алу бойынша міндеттемелер»

2022 жылдың қыркүйегінде ХБЕСК ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалға алу» түзетулер шығарды, сатушы-жалдаушы толығымен ауыспалы жалға алу төлемдерін қарастыратын кері жалға алумен сату мәмілесі нәтижесінде пайда болатын міндеттемені бағалау кезінде оның қалған сатылған активті пайдалану құқығына қатысты пайданы немесе залалды мойындамау талаптарын нақтылайды.

Аталған түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпеді.

ХБЕС (IAS) 7 түзетулер – «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» және ХҚЕС (IFRS) 7 – «Жеткізілімдерді қаржыландыру туралы келісім»

Жеткізілімдерді қаржыландыру туралы келісімдердің сипаттамаларын түсіндіру және осындай келісімдер туралы ақпаратты қосымша ашуды талап ету үшін 2023 жылдың маусымында ХБЕСК ХБЕС (IAS) 7 «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» және ХҚЕС (IFRS) 7 – «Қаржылық құралдар: ақпаратты ашу» түзетулерін шығарды. Түзетулердің құрамындағы ақпаратты ашуға қойылатын талаптар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға жеткізілімдерді қаржыландыру туралы келісімдердің ұйым міндеттемелеріне, оның ақша қаражатының ағымдарына және өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығына әсерін түсінуге көмектесу үшін арналған.

Аталған түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпеді.

ХҚЕС S1 – «Тұрақты дамуға байланысты қаржылық ақпаратты ашуға қойылатын жалпы талаптар» және ХҚЕС S2 – «Климатқа байланысты ақпаратты ашу»

2023 жылдың маусымында Халықаралық тұрақты даму стандарттары жөніндегі кеңес барлық даму бағыттары бойынша, соның ішінде ақша ағымдарына, қаржыландыруға қолжетімділік және капитал құнына әсер етуге қабілетті жеткізілім тізбектері бойынша тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы ақпаратты ашу мақсатында әзірленген тұрақты даму саласындағы ХҚЕС S1 және ақпаратты ашуға келесі талаптарды қамтитын, климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы ақпаратты анықтауға, бағалауға және ашуға қойылатын талаптарды белгілейтін ХҚЕС S2 жаңа стандарттарын жариялады:

- Климаттың өзгеруіне байланысты физикалық тәуекелдер;
- Климаттың өзгеруіне байланысты өтпелі тәуекелдер;
- Климаттың өзгеруіне байланысты мүмкіндіктер;
- Ұйымның климаттық тұрақтылығы.

Түзетулер 2024 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енді. Компания аталған стандарттардың Компанияның қызметіне және қаржылық есептілігіне әсер етуіне талдау жүргізді және келесі Ескертулерді ашты: 5-ескерту – Климатқа байланысты сұрақтар, 18-ескерту – Қоршаған ортаға қорғау бойынша сұрақтар.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

**2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа және қайта қарастырылған ХҚЕС – шығарылған, бірақ әлі күшіне енген

Төменде Компанияның қаржылық есебі жарияланған күні шығарылған, бірақ қолданылуға міндетті емес және Компания 2024 жыл үшін қаржылық есептілігінде қолданбаған стандарттарға түзетулер мен түсіндірмелер берілген.

2024 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жылдық есепті кезеңге қатысты күшіне енген стандарттар	Төмендегі күннен басталатын жылдық есепті кезеңдерге қолданылады
- ХБЕС (IAS) 21 түзетулер «Валютаны айырбастау мүмкіндігінің болмауы» - ХҚЕС (IFRS) 7 және ХҚЕС (IFRS) 9 түзетулер – «Қаржылық құралдарды жіктеуге және бағалауға қойылатын түзетулер» «ХҚЕС қаржылық есептілігі стандарттарының жыл сайынғы жетілдірілулері – 11-том» - ХБЕС (IAS) 7 түзетулер – «Бастапқы құны бойынша есепке алу»; - ХҚЕС (IFRS) 9 түзетулер – «Жалға алу бойынша міндеттемелерді мойындауды тоқтату» - ХҚЕС (IFRS) 10 түзетулер – «Де-факто агентін» анықтау» - ХҚЕС (IFRS) 7 енгізу жөніндегі нұсқаулыққа түзетулер – «Әділ құн мен мәміле бағасы арасындағы кейінге қалдырылған айырмашылық туралы ақпаратты ашу»; - ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулер – «Мойындауды тоқтату кезіндегі пайда немесе залал» - ХҚЕС (IFRS) 1 түзетулер – «ХҚЕС алғаш рет қолданатын ұйымды хеджерлеуді есепке алу» - ХҚЕС (IFRS) 7 енгізу жөніндегі нұсқаулыққа түзетулер – «Енгізу»; - ХҚЕС (IFRS) 7 енгізу жөніндегі нұсқаулыққа түзетулер – «Кредиттік тәуекел туралы ақпаратты ашу»; - ХҚЕС (IFRS) 9 түзетулер – «Мәміле бағасы» - ХҚЕС (IFRS) 18 түзетулер – «Қаржылық есептіліктегі ақпаратты ұсыну және ашу» - ХҚЕС (IFRS) 19 түзетулер – «Жария есеп беру міндеттемесі жоқ еншілес ұйымдар: ақпаратты ашу»	2025 жылғы 1 қаңтар 2026 жылғы 1 қаңтар 2026 жылғы 1 қаңтар 2027 жылғы 1 қаңтар 2027 жылғы 1 қаңтар

ХҚЕС (IFRS) 18 қатысты Компания қазіргі таңда өзінің қаржылық есептілігіне әсер етуін талдау үдерісінде жүрген ХҚЕС (IFRS) 18 қоспағанда, аталған түзетулер мен жаңа стандарттар Компанияға елеулі әсер етпейді деп күтіледі.

2024 жылдың сәуірінде ХБЕСК жаңа ХҚЕС (IFRS) 18 стандартын шығарды, ол ХБЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» алмастырады. ХҚЕС (IFRS) 18 жаңа талаптарды белгілейді, олардың ең маңыздылары келесілер:

- Қызмет түріне сәйкес келетін санаттар бойынша пайда немесе залал туралы есепте табыс пен шығындардың баптарын жіктеу туралы: операциялық, инвестициялық, қаржылық. Ұйымдар бұған қоса келесі аралық қорытындыларды ұсынуға міндетті:
 - Операциялық пайда немесе залал;
 - Қаржылық қызметті және пайда салығын есепке алғанға дейінгі пайда немесе залал.

- Пайда немесе залал туралы есепте салыстырылатын қорытындылар мен аралық қорытындыларды салыстыруды қоса алғанда, қаржылық есепте басшылық анықтаған тиімділік көрсеткіштері туралы ақпаратты ашу туралы.
- Қаржылық есептіліктің негізгі нысандарында және ескертулерде біріктірілген және бөлшектелген ақпаратты ұсыну туралы.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа және қайта қарастырылған ХҚЕС – шығарылған, бірақ әлі күшіне енген (жалғасы)

Бұнымен қатар ХҚЕС (IFRS) 18 ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке қатысты жеке өзгерістерді және басқа кейбір өзгерістерді қарастырады.

ХҚЕС (IFRS) 18 2027 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдерге қолдану үшін міндетті. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат беріледі. Егер ұйым ХҚЕС (IFRS) 18 мерзімінен бұрын қолданса, ол бұл фактіні ашуы тиіс.

Әділ құнды бағалау

Компания пайда немесе залал арқылы әділ құн (бұдан әрі – «ПЗӘҚ») бойынша, басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн (бұдан әрі – «БЖТӘҚ») бойынша, әрбір есепті күнге әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы құралдарын бағалайды.

Бағалау күнінде нарық қатысушылары арасында әдеттегі тәртіпте жасалатын мәміле аясында активті сатқаны үшін алынатын немесе міндеттемені бергені үшін төленетін баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле келесі жағдайларда өткізіледі дегенді білдіреді:

- не аталған актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмаған жағдайларда, аталған актив немесе міндеттеме үшін қолайлырақ нарықта.

Компанияның негізгі немесе қолайлырақ нарыққа қолжетімділігі болу керек. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары актив немесе міндеттеме бағасын анықтаған кезде пайдаланылуы мүмкін ұйғарымдарды пайдаланумен бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің үздік мүдделері үшін әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті ең үздік және ең тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе аталған активті ең үздік және ең тиімді тәсілмен пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сатудан экономикалық пайданы басқару мүмкіндігін ескереді.

Компания орын алған мән-жайларда жарамды болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын бағалау әдістерін пайдаланады, бұл ретте қисынды бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдаланады және бақыланбайтын бастапқы деректерді аз пайдаланады.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер әділ құнды тұтас алғанда бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясы аясында жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленімдер (қандай да болмасын түзетулерсіз).
- 2-деңгей – иерархияның ең төменгі деңгейіне қатысты бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болып табылатын бағалау модельдері нарықта тура немесе жанама түрде бақыланатын болып саналады.

- 3-деңгей - иерархияның ең төменгі деңгейіне қатысты бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болып табылатын бағалау модельдері нарықта бақыланбайтын болып саналады.

Қаржылық есептілікте мерзімді негізде мойындалатын активтер мен міндеттерге келетін болсақ, Компания әрбір есепті кезеңнің аяғына жіктелуін қайта талдай отырып (әділ құнды тұтас алғанда бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде), иерархия көздерінің деңгейлері арасындағы ауыстыру фактісін анықтайды.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық құралдар

Бастапқы мойындау

Мойындаған күн

Бастапқы мойындау кезінде қаржылық құралдардың жіктелуі құралдарды басқару үшін пайдаланылатын шарт талаптары мен бизнес-модельге байланысты. Қаржылық құралдар алдымен әділ құны бойынша, қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер ПЗӘҚ бойынша бағаланатын жағдайларды қоспағанда, мәмілеге кеткен шығындарды есепке алумен бағаланады.

Қаржылық активтерді және міндеттемелерді бағалау санаттары

Компания өзінің барлық қаржылық активтерін активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модель және төмендегілер бойынша бағаланатын активтердің шарт талаптары негізінде жіктейді:

- Амортизацияланған құн;
- БЖТӘҚ (басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн);
- ПЗӘҚ (пайда немесе залал арқылы әділ құн).

Компания туынды құралдарды және саудаға арналған құралдарды ПЗӘҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Егер бұндай жіктеу бағалау немесе мойындау қағидаттарын қолдану ретсіздігін жойса немесе едәуір азайтса, Компания өз қарауы бойынша қаржылық құралдарды ПЗӘҚ бойынша бағаланатын деп жіктеуі мүмкін.

Егер қаржылық міндеттемелер сауда үшін арналған немесе туынды құралдар болып табылса немесе ұйымның қарауы бойынша әділ құн бойынша бағаланатын деп жіктелсе, олар амортизацияланған құн немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланады.

БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар

Компания борышқорлық құралдарды төмендегі екі шарттың екеуі де орындалса, БЖТӘҚ бойынша бағалайды:

- Құрал мақсатына шартта көзделген ақша ағымдарын алу арқылы да, қаржылық активтерді сату арқылы да қол жеткізетін бизнес-модель аясында ұсталса;
- Қаржылық активтің шарт талаптары SPPI тестінің өлшемшарттарын сақтаса.

БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар кейіннен әділ құн бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі нәтижесінде туындайтын пайда мен залалдар басқа жиынтық табыс құрамында мойындалады. Валюта бағамдарының өзгеруінен пайыздық түсім және пайда немесе залалдар амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер жағдайындағыдай пайда немесе залал құрамында мойындалады. Мойындауды тоқтатқан кезде бұдан бұрын басқа жиынтық табыс құрамында мойындалған жиналған пайда немесе залал басқа жиынтық табыс құрамынан пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық құралдар (жалғасы)

Бастапқы мойындау (жалғасы)

БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар (жалғасы)

БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар бойынша күтілетін кредиттік залалдар осы қаржылық активтердің әділ құн бойынша бағалануды жалғастыратын қаржылық жағдай туралы есептегі теңгерімдік құнын азайтпайды. Бұның орнына амортизацияланған құн бойынша активті бағалау кезінде құрылатын күтілетін залалдардың бағалау резервіне тең сома басқа жиынтық табыстың құрамында құнсызданудың жиналған сомасы ретінде мойындалады. Басқа жиынтық табыс құрамында мойындалған залалдардың жиналған сомасы активті мойындау тоқтатылған кезде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражатына банк шоттарындағы ақша қаражаты және кассадағы ақша кіреді. Айырбастау операцияларына немесе есепті күннен кейін кем дегенде он екі ай ішінде міндеттемені өтеу ретінде пайдалануға шектеу қойылған ақша қаражатының қалдығы басқа ұзақмерзімді активтердің құрамына қосылады.

Банктердегі шоттар және депозиттер

Компания өзінің әдеттегі қызметі барысында басқа банктерге әр түрлі мерзімдерге қаражатын орналастырады және салымдар жүргізеді. Бекітілген өтеу мерзімдері бар банктердегі шоттар кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен амортизациялық құн бойынша есепке алынады. Бекітілген мөлшерлемелері жоқтар күтілетін өтеу мерзімдері негізінде амортизациялық құн бойынша есепке алынады. Банктердегі шоттар мен депозиттер егер құнсызданудан күтілетін кредиттік залалға резерв бар болса, оны шегерумен есепке алынады.

Репо және кері репо мәмілелері

Кері сатып алу міндеттемесі бар сату туралы келісімдер (репо мәмілелері) аясында сатылған бағалы қағаздар бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген қаржыландыруды тарту бойынша операция ретінде көрсетіледі, бұл ретте бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіле береді, ал контрагенттер алдындағы міндеттемелер репо мәмілелері бойынша кредиттік борыш құрамына қосылады. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық шығын ретінде көрсетіледі және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен репо мәмілесінің әрекет ету кезеңі үшін пайда немесе залал құрамында белгіленеді.

Кері сатып алу міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер (кері репо мәмілелері) аясында сатып алынған бағалы қағаздар ақша қаражатының және оның баламаларының жағдайға байланысты кредиттік ұйымдардағы қаражаттың немесе клиенттердің кредиттерінің құрамына қосылады. Сату бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық табыс ретінде көрсетіледі және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен репо мәмілесінің әрекет ету кезеңі үшін пайда немесе залал құрамында белгіленеді.

Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржылық жағдай туралы есептегі тек таза сальдоны көрсетумен қаржылық активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу өзара есепке алуды заңды түрде бекітілген құқық және активті міндеттемені реттеумен бір уақытта іске асыру ниеті бар болған кезде ғана жүзеге асырылады. Бұл, әдетте, өзара есепке алу туралы басты келісімдерге қатысты орындалмайды және сәйкес активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПKE АЛУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық құралдар (жалғасы)

Қаржылық активтерді және міндеттемелерді мойындауды тоқтату

Қаржылық активтер

Қаржылық актив (немесе, қолданылуына қарай – қаржылық активтің бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте мойындалуы тоқтатылады, егер:

- Активтен ақша ағымдарын алу құқығының әрекет ету мерзімі өтсе;
- Компания активтен ақша ағымдарын алу құқығын берсе немесе алынған ақша ағымдарын елеулі кідіртусіз үшінші тарапқа «транзиттік» келісім шартымен аудару міндеттемесін қабылдаса, сонымен қатар
- Компания не (а) активтен түгелдей дерлік тәуекелдері мен пайдасын берді, не (б) бермеді, бірақ өзіне де активтен түгел тәуекелдері мен пайдасын сақтаған жоқ, алайда аталған активті бақылауды берді.

Егер Компания активтен ақша ағымдарын алуға өз құқықтарын берсе, бұл ретте оған байланысты түгелдей дерлік тәуекелдер мен пайдаларды бермей, сақтамай, сонымен қатар активті бақылауды бермеген жағдайда ондай актив есепте Компанияның осы активке жалғасып жатқан қатысуы шегінде көрсетіледі. Берілген актив бойынша кепілдік нысанындағы активке қатысуды жалғастыру активтің бастапқы теңгерімдік құны мәнінің ең төменгісі және Компанияға төлеу үшін талап етілуі мүмкін өтеудің ең көп мөлшері бойынша бағаланады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемелерді мойындауды тоқтату сәйкес міндеттемені орындау, жою немесе әрекет ету мерзімінің өтуі жағдайында жүзеге асырылады.

Бір кредитор алдында бір елеулі қаржылық міндеттемені басқа міндеттемемен айтарлықтай ерекше жағдайларда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттемелердің шарттарына елеулі өзгерістерді енгізген жағдайда бастапқы міндеттеме есептен шығарылады, ал жаңа міндеттеме есепте пайда немесе залал құрамындағы міндеттеменің теңгерімдік құнының айырмашылығын мойындаумен көрсетіледі.

Күтілетін кредиттік залалдар (бұдан әрі «ККЗ»)

Компания амортизацияланған құн бойынша және басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервісін егер кредиттік залал бастапқы мойындау кезінен бастап едәуір ұлғайса, барлық мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада мойындайды. Компания басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтің теңгерімдік құнын азайтпайды, бағалау резервісін басқа жиынтық табыс құрамында мойындайды.

Қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің оны бастапқы мойындау сәтінен бастап елеулі ұлғаюы бар-жоғын анықтаған кезде Компания күтілетін кредиттік залалдар сомасының өзгеруіне емес, кредиттік

құралдың әрекет ету мерзімі бойында дефолттың басталу тәуекелінің өзгеруіне бағдарланады. Егер шартта көзделген қаржылық актив бойынша ақша ағымдарының шарттары қайта қарастырылса немесе түрлендірілсе, және қаржылық активті мойындау тоқтатылса, Компания келесілерді салыстыру арқылы қаржылық құрал бойынша кредиттік тәуекел елеулі түрде өзгерген-өзгермегенін бағалайды:

- Есепті күндегі жай-күй бойынша дефолттың басталу тәуекелін бағалау (түрлендірілген шарт талаптары негізінде);
- Бастапқы мойындау кезінде дефолттың басталу тәуекелін бағалау (бастапқы түрлендірілмеген шарт талаптары негізінде).

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық құралдар (жалғасы)

Күтілетін кредиттік залалдар (жалғасы)

Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болмаса, Компания төмендегілерді қоспағанда қаржылық актив бойынша залалдарға бағалау резервін айлық күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада мойындайды:

- 1) Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтерін;
- 2) Саудалық дебиторлық борышты.

(1)-(2)-тармақтарда көрсетілген қаржылық активтер бойынша Компания қаржылық құрал бойынша залалдарға бағалау резервісін бүкіл мерзімдегі күтілетін кредиттік залалдар сомасында бағалайды.

Егер алдыңғы есепті кезеңде Компания қаржылық құрал бойынша залалдарға бағалау резервісін бүкіл мерзімдегі күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада бағаласа, бірақ ағымдағы мерзімдегі жай-күй бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы жоқ екенін анықтаса, онда ағымдағы есепті күнге Компания бағалау резервісін 12 айлық күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада бағалауға тиіс.

Компания құнсызданудан пайда немесе залал ретінде залалдарға бағалау резервісін есепті күндегі жай-күй бойынша күтілетін кредиттік залалдар сомасына дейін түзетуге қажетті соманы мойындайды.

Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша Компания тіпті егер бүкіл мерзімдегі күтілетін кредиттік залалдар бастапқы мойындау кезінде есеп айырысу ақша ағымдарына қосылған күтілетін кредиттік залалдардың шамасынан аз болса да, бүкіл мерзімдегі күтілетін кредиттік залалдардың құнсызданудан залалды қалпына келтіру ретіндегі жағымды өзгерістерін мойындайды.

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау. Компания күтілетін кредиттік залалдарды төмендегілерді көрсететін тәсілмен қаржылық құрал бойынша бағалайды:

- 1) Ықтимал нәтижелер диапазонын бағалау арқылы анықталған күн ілгері теріс түсінілмеген және ықтималдықты есепке алумен ойға салынған соманы;
- 2) Ақшаның уақытша құнын;
- 3) Өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және есепті күнге қолжетімді болжалатын болашақ экономикалық жағдайлар туралы негізделген және расталған ақпаратты.

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау кезінде қарастырылатын ең көп кезең – бұл Компания кредиттік тәуекелге ұшырайтын шарт бойынша ең көп кезең (мерзімін ұзартуға арналған опциондарды ескерумен).

Бастапқы мойындау сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюымен шартталған барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залалдарды мойындау мақсатына жету үшін кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын топтық негізде, мысалы, кредиттік тәуекелдің қаржылық құрал тобы немесе кіші тобы бойынша елеулі ұлғаюын көрсететін ақпаратты талдау арқылы бағалау қажет болуы мүмкін. Бұл тіпті егер кредиттік тәуекелдің осындай елеулі ұлғаюының жеке құрал деңгейіндегі растамасы әлі қолжетімсіз болса да, кредиттік тәуекел елеулі ұлғайған жағдайда Компанияның бүкіл мерзімдегі күтілетін кредиттік залалдарды мойындау мақсатына жетуіне кепілдік береді.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық құралдар (жалғасы)

Күтілетін кредиттік залалдар (жалғасы)

Қаржылық емес активтер

Кейінге қалдырылған салық активтерінен өзгеше қаржылық емес активтер құнсыздану белгілерінің болуына әрбір есепті күндегі жай-күй бойынша бағаланады. Сату бойынша табысты және пайдалану құндылығын шегерумен әділ құнның ең көп шамасы қаржылық емес активтердің өтелетін құны болып табылады. Пайдалану құндылығын есептеген кезде болашақта күтілетін ақша ағымдары ақшаның уақытша құнының ағымдық нарықтық бағасын және осы актив үшін тән тәуекелдерді көрсететін салыққа дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдаланумен олардың келтірілген құнына дейін дисконтталады. Басқа активтермен өндірілетін ақша қаражатының ағымдарынан едәуір дәрежеде тәуелсіз ақша қаражатының түсімін өндірмейтін актив үшін өтелетін құн актив тиесілі ақша қаражатын өндіретін активтер тобы бойынша анықталады.

Құнсызданудан болған залал ақша қаражатын өндіретін активтердің немесе активтер тобының теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан асқан жағдайда мойындалады. Қаржылық емес активтерді құнсыздандырудан болған барлық залалдар пайда немесе залал құрамында көрсетіледі және егер өтелетін құнды анықтаған кезде пайдаланылатын бағалауда өзгерістер орын алған кезде ғана қалпына келтірілуге жатады. Активті құнсыздандырудан болған кез келген залал егер құнсызданудан болған залал қаржылық есептілікте көрсетілмеген жағдайда активтің теңгерімдік құны жинақталған теңгерімдік құннан аспайтын көлемде (амортизацияны және тозуды шегерумен) қалпына келтірілуге жатады.

Резервтер

Резерв, егер өткен оқиғалардың нәтижелері бойынша Компанияда заңи немесе сындарлы міндеттеме пайда болса және аталған міндеттемені орындау экономикалық пайданың жылыстауына әкеп соқтыру ықтималдығы бар болған жағдайда қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Егер осындай мән-жайлардың әсері елеулі болып табылса, резерв шамасы салықтарды шегергенге дейін дисконттау мөлшерлемесін қолданумен ақша қаражатының күтілетін болашақ ағымдарын дисконттау арқылы айқындалады, бұл ақшаның нарықтық құнын уақыт өте келе оның өзгерісін есепке алумен ағымдық бағасын және қажет болған кезде аталған міндеттемені орындауға байланысты тәуекелдерді көрсетеді.

Акционерлік капитал

Жай акциялар

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жай акцияларды және акцияларға арналған опциондарды шығаруға тікелей байланысты шығындар кез келген салық әсерлерін шегерумен капиталдың азаюы ретінде мойындалады.

Дивидендтер

Компанияның дивидендтерді жариялау және төлеу қабілеті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес анықталады.

Кәдімгі акциялар бойынша дивидендтер қаржылық есептілікте жариялану шамасына қарай бөлінбеген пайданы пайдалану ретінде көрсетіледі.

Салық салу

Корпоративтік табыс салығының сомасы корпоративтік табыс салығының ағымдағы сомасын және кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының сомасын қамтиды. Корпоративтік табыс салығы басқа жиынтық табыс құрамында көрсетілетін операцияларға немесе капитал шоттарында тура көрсетілетін, сәйкесінше басқа жиынтық табыс құрамында немесе капитал құрамында тура көрсетілетін меншік

иелерімен операцияларға қатысты сомаларды қоспағанда, пайда немесе залал құрамында толық көлемде беріледі.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПKE АЛУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Салық салу (жалғасы)

Ағымдағы корпоративтік табыс салығы есепті күндегі жай-күй бойынша әрекет еткен немесе мәні бойынша енгізілген корпоративтік табыс салығы бойынша мөлшерлемелерді, сонымен қатар алдыңғы есепті жылдар үшін корпоративтік табыс салығының сомаларын нақтылау нәтижесінде пайда болған міндеттемелердің сомасын ескерумен бір жылдағы салық салынатын табыстың болжалды көлемін есепке ала отырып есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық міндеттемелері активтер мен міндеттемелерді қаржылық есептілікте көрсету мақсаты үшін анықталатын олардың теңгерімдік құны мен олардың салық базасы арасында туындайтын уақыт айырмашылықтарына қатысты көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері және міндеттемелері бухгалтерлік пайдаға болсын, салық салынатын пайдаға болсын әсер етпейтін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде бастапқы мойындау кезінде пайда болатын активтер мен міндеттемелерге қатысты мойындалмайды.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін есептеу Компания есепті кезеңнің аяғында активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнын өтеуді немесе төлеуді жоспарлайтын тәсілге байланысты салық салдарларын көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің шамасы есепті күндегі жай-күй бойынша әрекет ететін немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген заңдарға негізделі отырып, болашақта уақыт айырмашылықтары қалпына келтірілген сәтте қолданылатын салық мөлшерлемелерін есепке алумен айқындалады.

Кейінге қалдырылған активтер болашақта уақыт айырмашылықтарын, салықтар бойынша қабылданбаған шығындарды және пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін жабу үшін жеткілікті салық салынатын пайда алу мүмкіндігі бар шамада көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтерінің мөлшері оған қатысты шегерілетін уақыт айырмашылығын пайдалануға болатын салық салынатын пайданы алу ықтималдығы бар дәрежеде азаяды.

Табыс пен шығындарды мойындау

Егер Компания экономикалық пайда алу ықтималдығы бар болса және егер табыс сеніммен бағаланатын болса, табыс мойындалады.

Пайыздық және ұқсас табыс пен шығындар

Компания пайыздық түсімді кредиттік-құнсызданған қаржылық активтерді қоспағанда, қаржылық активтердің немесе қаржылық міндеттемелердің жалпы теңгерімдік құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданумен амортизациялық құны немесе БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық қаржылық құралдар бойынша есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл дисконттаған кезде болашақ есептік ақша төлемдері немесе түсімдері қаржы құралын пайдаланудың болжалды мерзімі ішінде немесе қолданылуына қарай қысқарақ уақыт кезеңі ішінде қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза теңгерімдік құнына дәл келтірілетін мөлшерлеме. Есептеген кезде қаржылық құрал бойынша барлық шарт талаптары (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралға тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығындар ескеріледі, бірақ болашақ кредиттік залалдар ескерілмейді. Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің теңгерімдік құны Компания төлемдер немесе түсімдер бағасын қайта қарастырған жағдайда түзетіледі. Түзетілген теңгерімдік құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал теңгерімдік құнның өзгерісі пайыздық түсім немесе шығындар ретінде көрсетіледі.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Табыс пен шығындарды мойындау (жалғасы)

Пайыздық және ұқсас табыс пен шығындар (жалғасы)

Кредиттік-құнсызданған болатын қаржылық активке келетін болсақ, Компания тиімді пайыздық мөлшерлемені аталған қаржылық активтің таза амортизациялық құнына қолдана отырып, пайыздық түсімді есептейді. Егер қаржылық актив бойынша дефолт жойылса және ол енді кредиттік-құнсызданған болмаса, Компания пайыздық түсімді жалпы құн негізінде есептеуге қайта оралады.

Комиссиялық табыс

Компания комиссиялық табысты бағалы қағаздарды шығару және андеррайтинг бойынша қызметтерді, брокерлік қызметтерді және активтерді басқару қызметтерін көрсетуден алады.

Үшінші тараптың атынан операцияларды жүргізу бойынша келіссөздерді өткізгені немесе қатысқаны үшін, мысалы, Компанияның орындауға тиісті міндеті акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алған кезде келісім жасасу немесе бизнестерді сатып алу не сату болып табылса, алынған комиссиялық алымдар осындай операцияларды жасағаннан кейін мойындалады. Орындауға қатысты белгілі бір міндеттерге байланысты комиссиялық алымдар (немесе комиссиялық алымдар бөлігі) тиісті өлшемшарттарды орындағаннан кейін мойындалады. Егер шарт ауыспалы өтеуді көздесе, комиссиялық табыс ауыспалы өтеуге тән белгісіздікті кезекті рет шешкен кезде түсімнің жинақталған қорытындысы деп танылған соманың елеулі азаюы болмау ықтималдығының жоғары дәрежесінде мойындалады.

Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қызметтерді көрсету үшін алынған комиссиялық алымдар орындалуға тиіс сәйкес міндеттемелердің орындалуына қарай аталған кезең ішінде есептеледі. Бұндай баптарға активтерді басқарғаны үшін комиссиялық табыс пен сыйақы, номиналды брокердің қызметтері бойынша табыс, жауапкершілікпен сақтау және басқа да басқарушылық және консультациялық қызметтер кіреді. Егер кредитті пайдалану ықтималдығы жоғары болса, кредиттерді беру бойынша міндеттемелер үшін комиссиялар және кредиттерді беруге байланысты басқа комиссиялар болашақ кезеңдерге жатқызылады (қосымша шығындармен қатар) және кредит бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені түзету ретінде мойындалады.

Шығындар

Шығындар қызметтер Компанияға көрсетілген кезде есептеу әдісімен мойындалады.

Шетел валютасын қайта есептеу

Қаржылық есептілік функциялық валюта және Компанияны ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен берілген. Шетел валюталарымен жасалған мәмілелер бастапқыда ҚРҰБ белгілеген мәміле күніне функциялық валютаның нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі. Шетел валютасымен берілген монетарлық активтер мен міндеттемелер Қазақстанның қор биржасы (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгілеген және есепті күні әрекет ететін ресми валюта бағамы бойынша функциялық валютада қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеген кезде пайда болатын пайда мен залалдар шетел валютасындағы операциялар – бағамдық айырмашылықтар бойынша шығындарды шегерумен табыс ретінде пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есепте көрсетіледі.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)

Бастапқы құнда шетел валютасында көрсетілетін монетарлық емес баптар бастапқы операция күніне ҚҚБ белгілеген ресми бағам бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құн бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды анықтау күніне әрекет ететін ҚҚБ-да белгіленген айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасындағы операциялар бойынша келісілген айырбастау бағамы мен осындай операция күніне нарықтық бағам арасындағы айырмашылық шетел валютасындағы операциялар бойынша шығындарды шегерумен табыс құрамына қосылады.

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсанда нарықтық айырбастау бағамы келесілерді құрады:

	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	525.11	454.56
Евро	546.47	502.24

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАЙЫМДАРЫ ЖӘНЕ БАҒАЛАР

Компанияның есепке алу саясатын қолдану үшін басшылық қаржылық есептілікте мойындалған сомаларды анықтауға қатысты өз пайымдарын пайдаланды және бағаларын қойды. Төменде пайымдар мен бағаларды пайдаланудың ең елеулі жағдайлары берілген:

Қаржылық құралдардың әділ құны

Егер қаржылық есептілікте көрсетілген қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерді қамтитын әр түрлі бағалау модельдерін пайдаланумен анықталады. Осындай модельдерге арналған бастапқы деректер егер мүмкін болса, бақыланатын нарық негізінде анықталады; олай болмаған жағдайда әділ құнды анықтау үшін пайымдауды қолдану қажет.

Күтілетін кредиттік залалдар

ХҚЕС (IFRS) 19 «Қаржылық құралдар» сәйкес залалдарды қаржылық активтердің барлық санаттары бойынша бағалау пайымдауды қолдануды қажет етеді, әсіресе, ККЗ-ды анықтаған кезде және кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын бағалаған кезде болашақ ақша ағымдарының пайда болу шамасы мен мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Осындай есептеу бағалары бірқатар факторларға байланысты, олардағы өзгерістер құнсыздануға бағалау резервтерінің әр түрлі сомаларына әкелуі мүмкін.

Компанияның ККЗ есептеу ауыспалы бастапқы деректерді таңдауға және олардың өзара тәуелділігіне қатысты бірнеше негізгі ұйғарымдарды қамтитын қиын модельдердің нәтижесі болып табылады. Пайымдар мен есептеу бағалары болып саналатын ККЗ есептеу модельдерінің элементтеріне келесілер жатады:

- Компания дефолт ықтималдығын (PD) анықтау үшін пайдаланатын ішкі кредиттік рейтинг жүйесі;
- нәтижесінде қаржылық активтер бойынша құнсыздануға бағалау резервісі бүкіл мерзімде ККЗ-ға тең сомада бағалануы тиіс, Компания кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы орын алғанын-алмағанын бағалау үшін пайдаланатын өлшемшарттар және сапалы бағалау;
- әр түрлі формулаларды және бастапқы деректерді таңдауды қоса алғанда ККЗ есептеу модельдерін әзірлеу;
- Макроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер арасындағы, мысалы, жұмыссыздық деңгейі мен қамтамасыз ету құны арасындағы өзара байланысты, сонымен қатар

- дефолт ықтималдығы (PD) көрсеткіштеріне әсерді, дефолт тәуекеліне ұшыраған шаманы (EAD) және дефолт кезіндегі шығындар деңгейін (LGD) анықтау;
- ККЗ бағалау модельдері үшін бастапқы экономикалық деректерді алу үшін болжамды макроэкономикалық сценарийлерді таңдау және оларды ықтималдықты есепке алумен өлшеу.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

4.ЕЛЕУЛІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАЙЫМДАРЫ ЖӘНЕ БАҒАЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Жалға алу – қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін бағалау

Компания жалға алу шартындағы пайыздық мөлшерлемені жеңіл түрде анықтай алмайды, сондықтан ол жалға алу бойынша міндеттемелерді бағалау үшін қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі – бұл Компания ұқсас мерзімге және ұқсас қамтамасыз ету кезінде ұқсас экономикалық жағдайларда пайдалану құқығы нысанындағы актив құнына ұқсас құны бар активті алу үшін қажетті қарыз қаражатын тарта алатын пайыз мөлшерлемесі. Осылайша, қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі Компания «төлеуі тиіс» және оны анықтау, егер бақыланатын мөлшерлемелер болмаса, есептеу бағаларын пайдалануды талап ететін пайызды көрсетеді.

Салық салу

Қазақстанда негізгі салық сұрақтарын реттейтін бірыңғай Салық кодексі әрекет етеді. Қолданыстағы салықтар қосымша құн салығын, корпоративтік табыс салығын, әлеуметтік және басқа да салықтарды қамтиды. Кей кездері ведомстволар арасында да, бір ведомствоның ішінде де ережелердің заңды пайымдамаларына қатысты әр түрлі пікірлер болады, бұл біршама анықталмаушылықтарды және даулы жағдайларды тудырады. Салық декларациялары, сондай-ақ басқа да заңды реттеу салалары (мысалы, кедендік және валюталық бақылау сұрақтары) заң бойынша елеулі айыппұлдар, өсімпұлдар мен тұрақсыздық айыбын салуға құқығы бар бірнеше ведомствоның бақылауында болады. Бұндай жағдай салық заңнамасы жүйесі дамыған басқа елдермен салыстырғанда, Қазақстанда салық тәуекелдерінің жоғары дәрежесін тудырады.

Басшылық Компания оның қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының салық заңнамасының ережелерін ұстанады деп есептейді. Алайда, тиісті органдар даулы салық сұрақтарына қатысты басқаша позицияда болу тәуекелі қалып отыр.

Қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі сұрақтары

Басшылық климат пен экологияның өзгеруі саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге енгізілген өзгерістердің әсері қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер етпейді деп ойлайды және қазіргі уақытта Компания қоршаған ортаға, халықтың денсаулығына және қауіпсіздікке қатысты қолданыстағы барлық заңдар мен нормативтік актілерді сақтайды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компания экологиялық қуынымдарға ұшыраған жоқ және климаттық мәселелерге байланысты ауыртпалықты келісімшарттарды анықтаған жоқ.

Компания қоршаған ортаға минималды теріс әсер ететін объектілердің төртінші санатына жатқызады және экологиялық тәуекелдерге байланысты резервтер құрмайды.

5. ТАЗА КОМИССИЯЛЫҚ ТАБЫС

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Комиссиялық табыс		
Брокерлік операциялар	23,161	24,000
Басқалары	33	6
	23,194	24,006
Комиссиялық шығындар		
Шоттарға қызмет көрсету	(18,605)	(13,720)

Кастодиандық қызметтер	(144)	(144)
ҚҚБ комиссиясы	(895)	(5,606)
Басқалары	-	(390)
	(19,644)	(19,860)
Таза комиссиялық табыс	3,550	4,146

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

**2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

6. ПАЙЫЗДЫҚ ТАБЫС

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	169,563	207,123
Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	21,531	17,310
	191,094	224,433

7. ПЕРСОНАЛҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫН

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Жұмыскерлерге сыйақылар	114,635	115,318
Жалақы бойынша салықтар және аударымдар	13,773	12,088
	128,408	127,406

8. ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫНДАР

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Байланыс қызметі және ақпараттық қызметтер	15,567	14,869
Кәсіптік қызметтер	12,787	11,277
Тозу және амортизация	11,625	8,844
Жөндеуге және қызмет көрсетуге кеткен шығындар	6,017	5,280
Корпоративтік табыс салығынан басқа, салықтар және бюджетке төлемдер	3,594	3,489
Басқалары	3,666	4,311
	53,256	48,070

9. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫН

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығын	-	-
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша (Шығын) / үнем	(7)	314
Корпоративтік табыс салығы бойынша (шығын) / үнем жиыны	(7)	314
Бұдан әрі 2024 және 2023 жылдарда 20% қолданыстағы мөлшерлеме бойынша Қазақстан Республикасындағы корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі – «КТС») салуға дейін пайдаға қолданылатын КТС бойынша шығын мен 31 желтоқсанмен аяқталған жылдар үшін ағымдағы КТС бойынша шығындар арасындағы салыстыру берілген:		
Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Корпоративтік табыс салығына дейінгі пайда	10,127	53,161
Қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығы	(2,025)	(10,635)
Салық салынбайтын табыс	6,783	41,425
Шегерілмейтін шығындар	(4,765)	(30,476)
Корпоративтік табыс салығы бойынша (шығынның) / үнемнің барлығы	(7)	314

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

**2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

9.КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫН (ЖАЛҒАСЫ)

2024 және 2023 жылдардың ішіндегі уақыт айырмашылықтары шамасының өзгеруі

Мың теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	Пайда немесе залал құрамында мойындалды	2023 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	Пайда немесе залал құрамында мойындалды	2024 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық
Пайдалану құқығы нысанындағы актив	-	-	-	16,020	16,020
Демалыстар бойынша есептелген шығындар	891	214	1,105	43	1,148
Негізгі құралдар	(107)	100	(7)	105	98
Басқа дебиторлық берешек бойынша резерв	-	-	-	27	27
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша резерв	-	-	-	(406)	(406)
Жалға алу бойынша міндеттеме	-	-	-	(15,796)	(15,796)
Кейінге қалдырылған салық активі	784	314	1,098	(7)	1,091

10. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Қаржы ұйымдарының ағымдық шоттарындағы ақша қаражаты		
В- бастап В+ дейінгі кредиттік рейтингісі бар Қазақстан банктері «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ	3,550 788	1,263 789
Қаржы ұйымдарының ағымдық шоттарындағы ақша қаражатының жиыны	4,338	2,052
Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	25,019	6,007
Ақша қаражатының және оның баламаларының жиыны	29,357	8,059

Кредиттік рейтингтер «Standard and Poor s» рейтинг агенттігінің стандарттарына немесе басқа халықаралық рейтинг агенттіктерінің ұқсас стандарттарына сәйкес берілген.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешекке салынған мемлекеттік бағалы қағаздардың әділ құны 25,019 мың теңгені және сәйкесінше 6,001 теңгені құрады.

Ақша қаражаты және олардың баламалары не құнсызданған, не мерзімі өткен болып табылмайды.

11. БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰН БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

БЖТӘҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтерге келесі позициялар кіреді:

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық инвестициялар		
ҚРҰБ қысқамерзімді ноталары	592,998	1,502,343
«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі	460,083	-
Еуразиялық даму банкі	442,106	-

БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық инвестициялар	1,495,187	1,502,343
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік инвестициялар		
Бас ұйымның қарапайым акциялары	17,306	17,306
Бас ұйымның артықшылықты акциялары	8,505	8,505
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік инвестициялар	25,811	25,811
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялардың жиыны	1,520,998	1,528,154

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

**2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

**11. БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰН БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР
(ЖАЛҒАСЫ)**

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік инвестициялар		
Корпоративтік акциялар	-	14
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік инвестициялар	-	14

Келесі кестеде «Standard and Poor s» агенттігімен берілген кредиттік рейтингтер немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас стандарттары негізінде БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық қаржылық активтердің кредиттік сапасы туралы ақпарат көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
BBB- бастап BBB+ дейін кредиттік рейтингісімен	1,495,593	1,502,343
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік инвестициялардың жиыны	1,495,593	1,502,343

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсанға БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық қаржылық активтер мерзімі өтіп кеткен болып табылған жоқ.

Төменде басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борышқорлық бағалы қағаздарға қолданылатын жалпы теңгерімдік құнның және ККЗ-ға тиісті бағалау резервтерінің өзгеру талдауы берілген:

Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борышқорлық бағалы қағаздар	1-кезең	Жиыны
Жалпы теңгерімдік құн		
2022 жылғы 31 желтоқсанға	1,430,951	1,430,951
Сатып алынған активтер	13,988,920	13,988,920
Өтелген активтер	(14,117,828)	(14,117,828)
Дисконттың амортизациясына байланысты табыс (6-ескерту)	192,904	192,904
Пайыздық табыс (6-ескерту)	14,206	14,206
Комиссиялық алымдар	2,099	2,099
Әділ құн бойынша қайта бағалау	(8,909)	(8,909)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	1,502,343	1,502,343
Сатып алынған активтер	7,835,948	7,835,948
Өтелген активтер	(8,012,792)	(8,012,792)
Дисконттың амортизациясына байланысты табыс (6-ескерту)	164,007	164,007
Пайыздық табыс (6-ескерту)	5,556	5,556
Комиссиялық алымдар	599	599
Әділ құн бойынша қайта бағалау	(474)	(474)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	1,495,187	1,495,187

Әділ құнды қайта бағалауға ККЗ бойынша бағалау резервтеріндегі өзгерістер кіреді. Төменде басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борышқорлық бағалы қағаздар бойынша ККЗ-ға тиісті бағалау резервтерінің өзгеру талдауы берілген:

Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борышқорлық бағалы қағаздар	1-кезең	Жиыны
ККЗ-ға бағалау резерві		
2022 жылғы 31 желтоқсанға	(897)	(897)

Резервті түзету	821	821
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(76)	(76)
Резервті түзету	(406)	(406)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(482)	(482)

2024 және 2023 жылдары Компаниядағы кезеңдер арасында қаржылық активтерді аудару жүзеге асырылған жоқ.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

**2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

**11. БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰН БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР
(ЖАЛҒАСЫ)**

Төменде басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздарға жалпы теңгерімдік құнның өзгеру талдауы берілген:

Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар	1-кезең	Жиыны
Жалпы теңгерімдік құн		
2023 жылғы 1 қаңтарға	25,797	25,797
Сатып алынған активтер	14	14
Өтелген активтер	-	-
2023 жылғы 31 желтоқсанға	25,811	25,811
Сатып алынған активтер	-	-
Өтелген активтер	-	-
2024 жылғы 31 желтоқсанға	25,811	25,811

12. КАПИТАЛ

Акционерлік капитал

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша тіркелген және айналымдағы акционерлік капитал 615,000,000 жай акциядан, соның ішінде 515,000,000 толықтай төленген акциялардан құралады. 100,000,000 жай акцияны Акционер бір акция үшін 3 теңге номинал құны бойынша және 415,000,000 жай акцияны бір акция үшін 1 теңге номинал құны бойынша сатып алды. Жай акциялардың иесі дивидендтерді олардың жариялануына қарай алуға құқығы бар, сонымен қатар бір жай акцияға бір дауыс құқығына ие.

2024 және 2023 жылдары дивидендтер жарияланған және төленген жоқ.

Басқа резервтер

Қаржылық жағдай туралы есепте өзіндік капитал құрамында мойындалған резервтерге БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдардың әділ құнын қайта бағалау резервісі кіреді. 2024 жылғы 31 желтоқсанға БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық бағалы қағаздардың ККЗ бойынша резерв 482 мың теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 76 мың теңге).

Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания акционерлерінің Компания резервтерін бөлу құқығы ХҚЕС сәйкес дайындалған Компанияның қаржылық (бухгалтерлік) есептілігінде көрсетілген бөлінбеген пайда шамасымен немесе егер таза табысты бөлу Компанияның төлеуге қабілетсіздігіне немесе дәрменсіздігіне ұшыратпаса немесе егер Компанияның өзіндік капиталының мөлшері бөлу нәтижесінде теріс болып қалмаса, жинақталған шығын жағдайында ағымдағы жыл үшін таза табыс сомасымен шектеледі.

13. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқару Компанияның негізінде жатыр және операциялық қызметінің елеулі элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі және операциялық тәуекел Компания өз қызметін жүзеге асыру үдерісінде кез болатын негізгі тәуекелдер болып табылады.

Тәуекелдерді басқару саясаты және рәсімдері

Компанияның тәуекелдерді басқару саясаты Компания ұшырайтын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдердің тиісті лимиттерін және тиісті бақылауларын орнатуға, сонымен қатар тәуекелдердің деңгейлерін және олардың бекітілген лимиттерге сәйкестігін үнемі бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері нарық ахуалының өзгерістерін, ұсынылатын банк өнімдері мен қызметтерін және пайда болатын үздік тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қарастырылады.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

13.ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Тәуекелдерді басқару саясаты және рәсімдері (жалғасы)

Компанияның директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару бойынша бақылау жүйесінің тиісінше қызмет етуі үшін, негізгі тәуекелдерді басқару және тәуекелдерді басқару саясаттары мен рәсімдерін мақұлдау үшін, сонымен қатар ірі мәмілелерді мақұлдау үшін жауапты болады.

Басқарма тәуекелдерді азайту бойынша мониторинг жүргізу және шаралар енгізу үшін жауапкершілік көтереді, сондай-ақ Компания қызметін тәуекелдердің белгіленген шегінде жүзеге асыруын қадағалайды. Тәуекелдер департаменті басшысының міндеттеріне тәуекелдерді жалпы басқару және қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуына бақылау жасау, сонымен қатар қаржылық тәуекелдерді де, қаржылық емес тәуекелдерді де анықтау, бағалау, басқару және есеп құру бойынша ортақ қағидаттар мен әдістерді қолданумен бақылауды жүзеге асыру кіреді. Ол тікелей Директорлар кеңесіне есеп береді.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан қаржылық құрал бойынша ақша қаражатының әділ құнының немесе болашақ ағымдарының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелінен, сонымен қатар басқа да үлестік тәуекелдерден тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және айрықша өзгерістердің және нарықтық бағалардың және валюталардың айырбастау бағамдарының құбылмалылығы деңгейі өзгерістерінің әсеріне ұшырайтын пайыздық және үлестік қаржылық құралдарға қатысты ашық позициялар бойынша пайда болады.

Нарықтық тәуекелді басқару міндеті қабылданған тәуекел үшін алатын табыстылықтың оңтайландырылуын қамтамасыз ете отырып, нарықтық тәуекелге ұшыраушылық қисынды параметрлердің аясынан шықпауын басқару және бақылау болып табылады.

Компания нарықтық тәуекелді жеке қаржылық құралдар, пайыздық мөлшерлемелердің, валюталық позицияның, жоғалту лимиттерінің өзгеру мерзімдері бойынша портфельдің шамасына қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді белгілеу және олардың сақталуына үнемі мониторинг жүргізу арқылы басқарады.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі – бұл сыйақының нарықтық мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан қаржылық құрал бойынша ақша қаражатының әділ құнының немесе болашақ ағымдарының өзгеру тәуекелі. Компания сыйақының басымды нарықтық мөлшерлемелерінің ауытқуларының оның қаржылық жағдайына және ақша қаражатының ағымдарына әсеріне ұшырайды. Бұндай ауытқулар пайыздық маржа деңгейін ұлғайта алады, алайда оны азайта да алады және сыйақы мөлшерлемелерінің күтпеген өзгерісі жағдайында залалдардың туындауына әкеп соқтырады.

Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелері

Келесі кесте 2024 және 2023 жылдардағы жай-күй бойынша пайыздық активтердің орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелерін көрсетеді:

	2024 жыл орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі теңгемен, %	2024 жыл орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі теңгемен, %
Пайыздық активтер		
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	13.89	14.75
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер келесі позицияларды қамтиды	13.11	14.50

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

13.ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгерістеріне ақша ағымдарының сезгіштігі талдауы

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер қаржылық құралдардың болашақ ақша ағымдарына немесе әділ құнына әсер ету мүмкіндігі салдарынан пайда болады. Компанияда 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелері жоқ.

Қаржылық құралдардың әділ құнының сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне сезгіштігі талдауы

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсанмен аяқталған жылдар үшін пайда немесе залалдың және капиталдың әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтердің әділ құнының өзгеруіне сезгіштік талдауы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан (2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша әрекет ететін позициялар және табыстылық ауытқымаларының сыйақы мөлшерлемелерінің ұлғаюы немесе азаюы тарапына қарай 100 базистік тармаққа параллель жылжуының жеңілдетілген сценарий негізінде құрылған) келесі түрде берілуі мүмкін:

	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
	Пайда немесе залал/ Капитал	Пайда немесе залал/ Капитал
100 базистік тармаққа параллель ұлғаю	(12,168)	(12,019)
100 базистік тармаққа параллель азаю	12,168	12,019

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл шетел валюталарының айырбастау бағамдарының өзгеруі салдарынан қаржылық құрал бойынша ақша қаражатының әділ құнының немесе болашақ ағымдарының өзгеру тәуекелі.

Компанияның 2024 және 2023 жылдар бойы шетел валютасындағы активтері болған, бірақ 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша Компанияда бұндай активтер жоқ болған.

Басқа бағалық тәуекелдер

Басқа бағалық тәуекелдер – бұл нарық бағаларының өзгеруі (пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелінің немесе валюталық тәуекелдің әсері нәтижесінде пайда болған өзгерістерден басқа) нәтижесінде, осындай өзгерістер аталған нақты құралға немесе оның эмитентіне тән факторлардан немесе нарықта айналымда жүрген барлық ұқсас қаржы құралдарына әсер ететін факторлардан пайда болу-болмауына байланысты, қаржылық құрал бойынша ақша қаражатының әділ құнының немесе болашақ ағымдарының ауытқу тәуекелі. Басқа бағалық тәуекелдер Компания қаржылық құрал бойынша ұзын немесе қысқа позицияға ие болғанда туындайды.

Таза пайданың немесе залалдың және капиталдың бағалы қағаздардың баға белгіленімінің өзгерісіне сезгіштік талдауы (2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша әрекет ететін

позициялар және барлық бағалы қағаздардың баға белгіленімінің 10% азаюының немесе өсімінің жеңілдетілген сценарийі негізінде құрылған) келесі түрде берілуі мүмкін:

	2024 жылғы 31 желтоқсан		2023 жылғы 31 желтоқсан	
	Пайда немесе залал	Капитал	Пайда немесе залал	Капитал
Бағалы қағаздар құнының 10% өсуі	-	152,100	-	152,815
Бағалы қағаздар құнының 10% азаюы	-	(152,100)	-	(152,815)

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

13.ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл Компания қарыз алушысының немесе контрагентінің міндеттемелерді орындамау нәтижесінде пайда болған қаржылық шығындарының тәуекелі. Компания кредиттік портфельді шоғырландыру лимиттерін белгілеу және сақтау бойынша талаптарды қоса алғанда, кредиттік тәуекелді басқару саясаты мен рәсімдерін әзірледі.

Компанияның басшылығы контрагенттерді таңдаған кезде осындай залалдардың пайда болуын күтпейді.

Компанияның кредиттік тәуекелінің максимал деңгейі әдетте қаржылық активтердің теңгерімдік құнындағы қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігінің әлеуетті кредиттік тәуекелді төмендету үшін елеулі мәні жоқ.

Есепті күндегі жай-күй бойынша теңгерімдік кредиттік тәуекелдің максимал деңгейі келесі түрде берілуі мүмкін:

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР		
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борышқорлық қаржылық активтер (11-ескерту)	1,495,187	1,502,343
Ақша қаражаты және оның баламалары (10-ескерту)	29,357	8,059
Алуға арналған комиссиялық сыйақы	3,131	2,987
Басқа қаржылық активтер	10,925	7,500
Кредиттік тәуекелге ұшыраудың максимал деңгейінің барлығы	1,538,600	1,520,889

Құнсыздануды бағалау

Компания ККЗ-ны тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның болжалды мәнін пайдаланумен дисконтталатын ақша қаражатының күтілетін кем алуларын бағалау үшін, ықтималдықты ескерумен өлшенген бірнеше сценарий негізінде есептейді. Ақша қаражатын кем алу – бұл шартқа сәйкес ұйымға тиесілі ақша ағымдары мен ұйым алуды күтетін ақша ағымдарының арасындағы айырмашылық. ККЗ есептеу механикасы төменде сипатталған, ал төмендегілер негізгі элементтер болып табылады:

Дефолт ықтималдығы (PD)	Дефолт ықтималдығы берілген уақыт аралығы бойы дефолттың басталу ықтималдығының есептік бағасы болып табылады. Егер активті мойындау тоқтатылмаса және ол бұрынғыдай портфельдің бөлігі болып табылса, дефолт қарастырылатын кезең ішінде белгілі бір сәтте ғана болуы мүмкін.
Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама (EAD)	Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама шартта көзделген қарыздың негізгі сомасы мен пайыздарды төлеуді немесе берілген қарыздар мен төлемдерді кешіктіру нәтижесінде есептелген пайыздардың басқаша түрде күтілетін өтеулерін қоса алғанда, есепті күннен кейін аталған шаманың күтілетін өзгерістерін есепке алумен, болашақта қандай да болмасын күні дефолтқа ұшыраған шаманы есептік бағалау болып табылады.
Дефолт кезіндегі	Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі белгілі бір уақыт сәтінде дефолт басталған жағдайда туындайтын залаларды есептік бағалау болып табылады. Аталған көрсеткіш шартта көзделген ақша ағымдары мен кредитор алуды күтетін, соның ішінде

шығындар деңгейі (LGD)	қамтамасыз етуді өткізу нәтижесінде алуды күтетін ақша ағымдары арасындағы айырмашылықты негізге ала отырып, есептеледі. Әдетте, EAD қатысты пайызбен көрсетіледі.
------------------------	--

ККЗ бағалау резервісі егер бастапқы мойындау сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы орын алса, активтің әрекет ету мерзімі ішінде пайда болуы күтілетін кредиттік залалдар негізінде есептеледі (барлық мерзімдегі күтілетін кредиттік залалдар немесе барлық мерзімдегі ККЗ), олай болмаған жағдайда бағалау резервісі 12 айлық күтілетін кредиттік залалдарға (12 айлық ККЗ) тең сомада есептеледі. 12 айлық ККЗ – бұл есепті күннен кейін болуы мүмкін 12 ай ішінде қаржылық құрал бойынша дефолттар салдарынан пайда болатын ККЗ болып табылатын барлық мерзімдегі ККЗ бөлігі.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

13. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Құнсыздануды бағалау (жалғасы)

Компания қаржылық құралдың әрекет етуінің қалған мерзімі ішінде дефолттың басталу өзгерісін есепке алу арқылы бастапқы мойындау сәтінен бастап қаржылық құрал бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болу-болмауына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңында бағалауды жүргізуге арналған саясатты әзірледі.

Өтімділік тәуекелі

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша Компанияның қаржылық активтері оның қаржылық міндеттемелерінен айтарлықтай асып түсті және Компанияның өтімділік тәуекеліне елеулі ұшырағыштығы болған жоқ.

Компанияның жыл соңындағы жай-күйі бойынша өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығы туралы толығырақ ақпарат 19-ескертуде берілген.

Компания өзінің қызметіне тән тәуекелдерден қорғалу мақсатында капиталдың жеткіліктілігі деңгейіне белсенді басқаруды жүргізеді. Компания капиталының жеткіліктілігі өзге әдістерден басқа, ҚРҰБ белгіленген нормативтерін пайдаланумен бақыланады.

14. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

ҚРҰБ бекіткен қолданыстағы талаптарға сәйкес брокерлік және дилерлік қызметті және бағалы қағаздар портфелін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын компаниялар міндеттемелерді шегерумен өтімді активтер шамасын минимал капитал шамасына жатқызу нормативін белгіленген минимал деңгейден жоғары ұстауға тиіс. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша аталған минимал деңгей 1-ді құрады (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 1). 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша Компания капиталының жеткіліктік нормативі заңнамамен белгіленген деңгейге сәйкес болды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша міндеттемелерді шегерумен өтімді активтердің және капиталдың минимал міндетті деңгейінің қатынасы – 8,11 (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 6,39).

15. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Сақтандыру

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметтерінің нарығы даму сатысында жүріп жатыр, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру арқылы қорғаудың көптеген нысандары әзірше Қазақстан Республикасында қолжетімсіз. Компания еңбек «қызметтік» міндеттерді орындау кезінде жұмыскердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруы бар. Сақтандыру арқылы қорғау Компания жұмыскерлеріне қатысты беріледі. Компанияның Қазақстанның коммерциялық сақтандыру компанияларынан сатып алған сақтандыру полистеріне сәйкес міндетті сақтандыру өтелімі бар.

Сот талқылаулары

Өзінің әдеттегі нарықтағы қызметін жүзеге асыру барысында Компания заңды шағымдардың сан түрлі түрлеріне кез болады. Компания басшылығы сот талқылаулары (осындай талқылаулар болған жағдайда) нәтижесінде пайда болатын Компания міндеттемелерінің түпкілікті шамасы Компания қызметінің болашақтағы нәтижелерінің қаржылық шарттарына елеулі теріс әсер етпейді деп болжайды.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

15.ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Шартты салық міндеттемелері

Қазақстан Республикасының салық жүйесі біршама жаңа бола тұра, заңнама нормаларының, ресми түсіндірмелердің және сот шешімдерінің, көп жағдайда анық баяндалмаған және қарама-қайшылықты жиі өзгерістерімен сипатталады, бұл олардың әр түрлі салық органдарымен әртүрлі түсіндірілуіне жол береді. Салықтар бойынша есептеулердің дұрыстығы ірі айыппұлдар мен пайыздық есептеулерді салуға құқығы бар реттеуші органдар тарапынан тексерілуіне жатады. Есепті кезеңде салықтарды есептеу дұрыстығы келесі күнтізбелік бес жыл ішінде тексерілуі мүмкін; алайда, белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұлғаюы мүмкін. Қазақстан Республикасының салық органдары салық заңнамасын түсіндіру және қолдану кезінде қатаң позицияны алады.

Аталған мән-жайлар Қазақстан Республикасында басқа елдердегі ұқсас тәуекелдерден асып түсетін салық тәуекелдерін тудырады. Басшылықтың пікірінше салық міндеттемелері басшылық Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасын, сот органдарының нормативтік құжаттары мен шешімдерінің ресми пікірлерін түсіндіруін негізге ала отырып, осы қаржылық есептілікте толықтай көрсетілді. Дегенмен, реттеуші органдар тарапынан мәжбүрлі әсер ету шаралары қолданған жағдайда салық заңнамасын әр түрлі реттеуші органдардың түсіндіруі басшылықтың пікірінен өзгеше болу фактісін назарға ала отырып, олардың осы қаржылық есептілікке әсері елеулі болуы мүмкін.

Брокерлік-дилерлік қызметтер және сенімгерлік басқару қызметтері

Компания клиенттің тапсырмасы бойынша бағалы қағаздардың сақталуын қамтамасыз ете отырып және көрсетілген қызметтер үшін комиссиялық сыйақы ала отырып, өзінің клиенттеріне брокерлік-дилерлік қызметтер және сенімгерлік басқару қызметтерін көрсетеді. Аталған активтер Компанияның активтері болып табылмайды және оның қаржылық жағдай туралы есебінде мойындалмайды.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша Компанияның сенімгерлік басқаруда активтері жоқ.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компания жеке банк шоттарында клиенттердің өкімі бойынша бағалы қағаздарды сатып алу және сату үшін алынған 1,236,506 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 764,270 мың теңге) көлеміндегі клиенттердің қаражатын ұстап тұрған. Бұл қаражат Компанияның активтері ретінде мойындалмайды, өйткені Компания оларды клиенттердің атынан ұстайды және оларға бақылау жүргізбейді.

Қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі сұрақтары

Басшылық климат пен экологияның өзгеруі саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге енгізілген өзгерістердің әсері қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер етпейді деп ойлайды және қазіргі уақытта Компания қоршаған ортаға, халықтың денсаулығына және қауіпсіздікке қатысты қолданыстағы барлық заңдар мен нормативтік актілерді сақтайды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компания экологиялық қуынымдарға ұшыраған жоқ және климаттық мәселелерге байланысты ауыртпалықты келісімшарттарды анықтаған жоқ.

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

**2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

16. БАЙЛАНЫСҚАН ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР

Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелерімен және негізгі басқарушы қызметкерлермен жүргізілетін операциялар

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанымен аяқталған жылдар үшін «Жұмыскерлерге сыйақылар» (7-ескерту) бабына қосылған төрт негізгі басқарушы қызметкерге сыйақының жалпы мөлшері келесі түрде берілуі мүмкін:

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Жалақы және басқа қысқамерзімді төлемдер	45,791	45,062
Жалақы бойынша салықтар және аударымдар	5,200	4,578
Барлығы	50,991	49,640

Басқа байланысқан тараптармен жүргізілетін операциялар

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша шоттар бойынша қалдықтар, сонымен қатар 2024 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жыл үшін басқа байланысқан тараптармен жүргізілетін операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал келесіні құрады:

Мың теңгемен	Бас ұйым	Акционерлермен және Бас ұйыммен байланысқан тұлғалармен бақыланатын бас ұйымдар	Барлығы
Қаржылық жағдай туралы есеп			
Активтер			
Ақша қаражаты және оның баламалары	3,550	-	3,550
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	25,811	-	25,811
Алуға арналған комиссиялық алымдар	-	1,665	1,665
Пайда және залал туралы есеп			
Табыс			
Комиссиялық табыс	-	18,360	18,360

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша шоттар бойынша қалдықтар, сонымен қатар 2023 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жыл үшін басқа байланысқан тараптармен жүргізілетін операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал келесіні құрады:

Мың теңгемен	Бас ұйым	Акционерлермен және Бас ұйыммен байланысқан тұлғалармен бақыланатын бас ұйымдар	Барлығы
--------------	----------	---	---------

Қаржылық жағдай туралы есеп			
Активтер			
Ақша қаражаты және оның баламалары	1,263	-	1,263
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	25,811	-	25,811
Алуға арналған комиссиялық алымдар	-	1,469	1,469
Пайда және залал туралы есеп			
Табыс			
Комиссиялық табыс	2	21,923	21,925

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

17. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Сату үшін қолда бар қаржылық активтердің есептік әділ құны мәмілелер бойынша шығындарды шегерусіз, есепті күнге бағасы белгіленетін нарықтық бағаларға негізделген.

Барлық активтер мен міндеттемелердің есептік әділ құны есепті күндегі жай-күй бойынша ұқсас құралдар үшін есептік болашақ ақша ағымдары мен дисконттау мөлшерлемелері негізінде дисконтталған ақша ағымдары әдісін пайдаланумен анықталады.

Келесі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлігінде әділ құн бойынша көрсетілетін қаржылық құралдардың әділ құнының талдауы берілген.

Мың теңгемен	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Барлығы
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	1,495,187	25,811	-	1,520,998
	1,495,187	25,811	-	1,520,998

Келесі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлігінде әділ құн бойынша есепке алынатын қаржылық құралдардың әділ құнының талдауы берілген.

Мың теңгемен	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Барлығы
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	1,502,343	25,811	-	1,528,154
	1,502,343	25,811	-	1,528,154

2024 және 2023 жылдар ішінде Компания әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық құралдарды әділ құн иерархиясының деңгейлері арасында ауыстырған жоқ.

Келесі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлігінде әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржылық құралдардың талдауы берілген:

Мың теңгемен	Әділ құнның барлығы 1-деңгей	Әділ құнның барлығы 2-деңгей	Теңгерімдік құнның барлығы
Қаржылық активтер			
Ақша қаражаты және оның баламалары	29,357	-	29,357
Алуға арналған комиссиялық сыйақы	-	3,131	3,131

Келесі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлігінде әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржылық құралдардың талдауы берілген:

Мың теңгемен	Әділ құнның барлығы 1-деңгей	Әділ құнның барлығы 2-деңгей	Теңгерімдік құнның барлығы
Қаржылық активтер			
Ақша қаражаты және оның баламалары	8,059	-	8,059
Алуға арналған комиссиялық сыйақы	-	2,987	2,987

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

18. АКТИВТЕРДІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ӨТЕУ МЕРЗІМДЕРІНІҢ ТАЛДАУЫ

Келесі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген сомалардың күтілетін өтеу мерзімдері бөлігіндегі талдауы берілген:

Мың теңгемен ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР	3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Өтеу мерзімінс із	Барлығы
Ақша қаражаты және оның баламалары	29,357	-	-	-	-	-	29,357
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	592,998	-	442,106	460,083	-	25,811	1,520,998
Алуға арналған комиссиялық сыйақы	-	-	3,131	-	-	-	3,131
Қаржылық активтердің барлығы	622,355	-	445,237	460,083	-	25,811	1,553,486
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Басқа міндеттемелер	-	(9,898)	-	(21,387)	-	-	(31,285)
Қаржылық міндеттемелердің барлығы	-	(9,898)	-	(21,387)	-	-	(31,285)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша таза позиция	622,355	(9,898)	445,237	438,696	-	25,811	1,522,201
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша жинақталған таза позиция	622,355	612,457	1,057,694	1,496,390	1,496,390	1,522,201	1,522,201

Келесі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген сомалардың күтілетін өтеу мерзімдері бөлігіндегі талдауы берілген:

Мың теңгемен ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР	3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Өтеу мерзімін сіз	Барлығы
Ақша қаражаты және оның баламалары	8,059	-	-	-	-	-	8,059
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша	1,502,343	-	-	-	-	25,811	1,528,154

бағаланатын қаржылық активтер							
Алуға арналған комиссиялық сыйақы	-	-	2,987	-	-	-	2,987
Қаржылық активтердің барлығы	1,510,402	-	2,987	-	-	25,811	1,539,200
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Басқа міндеттемелер	-	(12,680)	(5,591)	-	-	-	(18,271)
Қаржылық міндеттемелердің барлығы	-	(12,680)	(5,591)	-	-	-	(18,271)
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша таза позиция	1,510,402	(12,680)	(2,604)	-	-	25,811	1,520,929
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша жинақталған таза позиция	1,510,402	1,497,722	1,495,118	1,495,118	1,495,118	1,520,929	1,520,929

«НҰРБАНК» АҚ MONEY EXPERTS ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

18. АКТИВТЕРДІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ӨТЕУ МЕРЗІМДЕРІНІҢ ТАЛДАУЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Барлық қаржылық құралдардың барлығы дерлік мөлшерлемесі бекітілген шарт болып табылатындығына байланысты аталған шарттық өтеу мерзімдері де шарттар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарастыру күнін білдіреді.

Кестелерде көрсетілген сомалар активтер мен міндеттемелердің есепті күндегі жай-күй бойынша теңгерімдік құнын көрсетеді және сыйақының болашақ сомаларын қамтымайды.